

"Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық бағалы қағаздар нарығын реттеу туралы келісімге қатысушы болмау ниеті туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 16 маусымдағы N 1000 Жарлығына Түсініктеме

Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің Әлеуметтік-экономикалық мониторинг бөлімінің Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 16 маусымдағы N 1000 Жарлығына түсініктемесі

2010 жылғы 16 маусымда Қазақстан Республикасының Президенті "Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 22 қаңтардағы Мемлекетаралық бағалы қағаздар нарығын реттеу туралы келісімге қатысушы болмау ниеті туралы" № 1000 Жарлыққа қ о л к о й д ы .

Аталған Жарлық Мемлекетаралық бағалы қағаздар нарығын реттеу туралы келісімнен (бұдан әрі — Келісім) шығу мақсатында әзірленді. Келісімге 1993 жылғы 22 қаңтарда Минск қаласында Тәуелсіз Мемлекеттер Достастығының (бұдан әрі — ТМД) он қатысушы мемлекеті қол қойды және Келісімнің тараптары болып табылатын ТМД-ға қатысушы мемлекеттердегі мемлекетішілік рәсімдер аяқталмауы себепті осы уақытқа дейін күшіне енгізілген жоқ. Ресей Федерациясы ТМД-ның Атқарушы комитетін Келісімге қатысушы болмау ниеті туралы хабардар етті, Украина да мемлекетішілік рәсімдерді орындауды қоя тұру ниеті туралы хабардар етті.

Қазіргі уақытта олардың аясында осы Келісім әзірленген ТМД-ға қатысушы мемлекеттер қаржы нарығының жұмыс істеу шарттарының өзгеруі себепті (рубль аумағынан шығу, бағалы қағаздар нарығы дамуының әр түрлі деңгейі) Келісім өзінің өзектілігін жоғалтты.

*Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Президенті Әкімшілігінің
Әлеуметтік-экономикалық*

мониторинг бөлімі